

4 INTERNATIONAL AND COMPARATIVE LAW ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚ МЕЖДУНАРОДНОЕ И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ПРАВО

FTAXP 10.59.01
ӨОЖ 349.42:631.95
JEL K32

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-372-382>

РАШЕВА Г.К.,*¹

PhD, доцент.

*e-mail: gulnur1989@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2587-1035

КУАНАЛИЕВА Г.А.,¹

з. г.д., профессор.

e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4634-8363

УМБЕТБАЕВА Ж.Б.,¹

PhD, доцент.

e-mail: umbetbaevazhuldyz@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-0291-7405

¹әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ОРГАНИКАЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СУБСИДИЯЛАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Мақалада органикалық ауыл шаруашылығын субсидиялауды жүзеге асырудың құқықтық мәселелері қарастырылады. Экологиялық таза өнімге сұраныстың артуы, ғаламдық климаттың жылынуы салдарынан егіншаруашылығына төнетін қауіптер, адам денсаулығы мен өмірін сақтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға тың серпін беріп отыр. Органикалық өнім өндірісі жаңадан дамып келе жатқан жаңа бағыт ретінде бұл саланы дамытуды мемлекеттік қолдау мен субсидиялаудың құқықтық мәселелерін зерттеу өзекті болып отыр. Цифрландыру жағдайында жаңа ақпараттық технологияларды субсидиялау жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі үшін пайдалану, оның ішінде өнімді сертификаттау, мониторинг жүргізу, сапасын бақылауда қолдану маңызды. Зерттеуде органикалық ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша ұлттық және шет мемлекеттердің заңнамасы зерделенді. Субсидиялау жүйесі тетігін іске асырудағы олқылықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылды. АҚШ және ЕО субсидиялау бойынша тәжірибесі зерттеліп, үздік тәжірибелерді отандық өндірісте қолдануға байланысты ұсыныстар жасалды. Авторлармен органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі мен оның айналымын бақылау мен қадағалауға арналған жеке цифрлық реестр құру ұсынылады.

Тірек сөздер: органикалық ауыл шаруашылығы, органикалық егіншаруашылығы, органикалық өнім, субсидиялау, ауыл шаруашылығы, аграрлық құқық.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар ұйымы бекіткен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі жаһандық күн тәртібінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аграрлық секторда тұрақты дамуды қамтамасыз ету (БҰҰ-ның № 2 тұрақты даму мақсаты) – дамыған әлемдік экономикаға және тұрақты экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізудегі негізгі бағыттардың бірі.

Статистикалық деректерге сай, әлем халқының 8,2 млрд [1] адамға жететін демографиялық өсуі жағдайында жергілікті халықты қолжетімді азық-түлік ресурстарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, жоғары экологиялық стандарттарға сәйкес келетін органикалық өнімдерге деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру міндеті – бүгінгі таңдағы аса өзекті мәселелердің қатарында. Аграрлық өндірістің өнімділігі пен өнім сапасына тікелей әсер ететін жаппай жылынумен байланысты климаттық өзгерістердің орын алуы кезеңінде бұл саланы мемлекеттік қолдау ерекше маңызға ие. Халықаралық деңгейде БҰҰ Азық-түлік және Ауылшаруашылық Ұйымы (FAO) мен Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (WTO) азық-түлік өнімдерінің құрамы экологиялық таза, денсаулыққа қауіпсіз және жүйелі түрде физикалық қолжетімді (азық-түлік өнімдеріне географиялық және инфрақұрылымдық қолжетімділік) және нарықтық бағасы тұрақты болуын бақылайды.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты көзі ретінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту маңызы ерекше. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық тетіктерінің бірі – мемлекеттік субсидиялау жүйесі.

Қазақстанда органикалық өнім өндірісін дамыту саласында 2015 ж. арнайы заң қабылданып, органикалық өндіріс саласын құқықтық реттеудің іргетасы қаланғанымен, алайда халықаралық стандарттарға бейімделуге байланысты 2024 ж. 10 маусымда «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» жаңа заң қабылданды. 2021–2030 жж. арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың тұжырымдамасында органикалық ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне субсидия беру және Органикалық өндірісті қолдау жөніндегі ғылыми-технологиялық және тәжірибелік орталық («ORGANIC» жобалық офисі) құру мәселелері қарастырылды [2].

Қазақстанда аграрлық өндірісті мемлекеттік қолдау мақсатында 2025 ж. бюджеттен 534,5 млрд тг субсидия бөлінген [3], оның ішінде органикалық және «жасыл» өндірісті дамытуды қолдау аясында сәйкестендіру сертификатының құнының тең жартысын субсидиялаумен жабуға рұқсат [4] етілді. Бірақ қолданыстағы құқыққолдану тәжірибесінде мемлекеттік субсидияларды бөлу, оған төлем жүргізу тәртібі, аталған қаражаттардың өз мақсатына сай пайдаланылуын бақылау мен қадағалау жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер туындап отыр.

Отандық ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі саласын субсидиялауда келесідей қаржылық мәселелер: бюджеттік қаражат жеткіліксіздігі (мемлекеттің субсидиялық қарызы 2025 ж. 341,3 млрд тенгені құрады [5]), белгіленген субсидиялық төлемдердің фермерлердің шоттарына кешігіп, тіпті егіншілік маусымы аяқталған кезде түсуі мен ұзақ уақыт «күту парақтарында» кезектілік күтуі орын алған; сонымен бірге төмендегі құқықтық мәселелер: әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алуы [6], субсидияларды төлеудің құқықтық тетігінің жүзеге асырылуы мен субсидиялар жүйесі ашықтығы саласында аграрлық өндірісте субсидиялар тағайындалуын реттейтін ережелерге өзгерістердің көптеп енгізілуі (Мемлекеттік аудит субсидиялау ережелеріне 70 мәрте өзгерістер енгізілгенін анықтады), осы күнге дейін нақты саланы реттейтін бірыңғай, жүйеленген, кешенді актінің болмауы, соңғы 5 жылда 2 млрд тг субсидиялық қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны (2024 ж. жүргізілген мемлекеттік аудит 2,5 мыңға жуық субсидия алушы агроөнеркәсіптік кешен субъектісі болмағанына қарамастан, 5,4 млрд тг қаржы алғанын дәлелдеді [7]), субсидиялау жүйесін мемлекеттік қадағалау мен бақылауды қатаңдату мәселелері және т.б., техникалық мәселелер: цифрлық трансформация жағдайында Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде ([www://gosagro.kz/](http://www.gosagro.kz/)) төлем шоттарын жүктеуге байланысты және өтінімдер бойынша төлемдерді толық автоматтандыру [8] мәселесі шешілмеген.

Сонымен қатар, органикалық ауыл шаруашылығын субсидиялаудың ұлттық моделін шетелдердің үздік тәжірибесін трансформациялау арқылы жетілдіру қажеттілігі зерттеу тақырыбын ғылыми түрде кешенді зерттеу мәселесін өзектендіреді.

Зертеу нысаны – Қазақстан Республикасында органикалық ауыл шаруашылығын субсидиялау саласындағы қалыптасатын қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің пәні – органикалық өнім өндірісі мен ауыл шаруашылығын мемлекеттік-құқықтық реттеу, мемлекеттік қолдау мен субсидиялауды реттейтін Қазақстан Республикасының және шет елдердің экологиялық, аграрлық, қаржылық заңнамасының нормалары, олардың құқыққолдану тәжірибесі.

Ғылыми мақаланың мақсаты – органикалық ауыл шаруашылығын субсидиялаудың құқықтық тетігін кешенді зерттеп, осы саладағы кездесетін мәселелерді анықтап, шешу жолдарын ұсыну, ғылыми-тәжірибелік ұсынымдар жасау.

Қойылған мақсатқа сай келесі міндеттерді шешу айқындалған:

- ♦ субсидиялау терминінің құқықтық табиғатын анықтау;
- ♦ агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың құқықтық сипатын анықтайтын негізгі белгілерін ашып көрсету;
- ♦ органикалық өндіріс саласындағы Еуропалық Одақ, Америка құрама штаттары тәжірибесін зерттей келе, Қазақстан тәжірибесіне ең үздік шетелдік тәжірибелерді трансформациялау мүмкіндіктерін қарастыру;
- ♦ органикалық өндіріс саласындағы субсидиялау тетіктерін зерттей келе, заңнама мен тәжірибелік олқылықтарды анықтап, мәселелерді шешу бойынша авторлық ұсыныстар беру.

Материалдар мен әдістер

Нақты зерттеу жалпы мен арнайы ғылыми әдістерді қолдану арқылы жүргізілді. Қазақстандық органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы заңнаманы талдау барысында заңнамадағы кемшіліктер анықталды. Бұл контекстегі шет елдік заңнаманы талдау арқылы ұлттық заңнамамен салыстырмалы-құқықтық талдау жасап, халықаралық стандарттарды қазақстандық құқық жүйесіне имплементациялауға байланысты ұсынымдар ұсынылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын органикалық ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау аясындағы құқықтық актілер, осы саладағы зерттеуші ғалымдардың еңбектері, мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалалар, субсидиялау бойынша мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректері мен сот тәжірибесі құрайды.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы мынада: зерттеуде цифрландыру жағдайындағы органикалық ауыл шаруашылығын субсидиялау жүйесінің құқықтық табиғаты мен оны жүзеге асырудың құқықтық тетігі жан-жақты талданды. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау тетігін құқықтық жетілдіру бойынша теориялық тұжырымдар мен ғылыми ұсыныстар тұжырымдалып берілді.

Бұл мақаланың тәжірибелік маңыздылығы: заң шығару қызметінде – зерттеу нәтижелері ауыл шаруашылығын органикалық субсидиялау бойынша заңнаманы жетілдіруде, құқыққолдану тәжірибесінде, үздік шетелдік тәжірибелерді отандық тиісті органдардың тәжірибесіне енгізуде, білім беру үрдісінде аграрлық және экологиялық құқық пәндерін оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасында органикалық ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қаржылық жағынан тиімді қолдаудың қаржылық-құқықтық тетіктерінің бірі ретінде мемлекеттік субсидиялау жүйесі қызмет атқарып келе жатыр. Сөздіктерде: «Субсидия (лат. Subsidium – көмек, қолдау) – мемлекеттік немесе жергілікті бюджет есебінен берілетін төлемдер, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар, жергілікті билік органдары, басқа мемлекеттер үшін арнайы қорлардан төлемдер», – деп көрсетіледі [9].

Оксфорд түсіндірме сөздігінде: «Субсидия (Subsidy) – мемлекетпен кепілдендірілген ақша немесе ақша сомасы», – деп беріледі [10].

2025 ж. 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, бюджеттік бағдарламалар трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталады. Бюджеттік бағдарламалар қатарына жеке және заңды тұлғаларға арналған бюджеттік субсидиялар да

жатқызылады. Бюджеттік субсидиялар жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде фермерлер мен ауылшаруашылық кәсіпорындарына мемлекеттік функцияларды қамтамасыз етудің басқа тиімді тетіктері болмаған кезде бюджет қаражатын тегін беретін қаржылық көмектің бір түрі болып есептеледі.

ҚР Бюджет кодексінің 30-бабында, республикалық бюджеттің шығыстары бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау бағыты анықталған [11].

2015 ж. 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінде: «Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау экономикалық тиімділік, өндірілетін өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру жағдайында жүзеге асырылады», яғни субсидиялау арқылы мемлекет агроөнеркәсіптік кешеннің қызметін қолдап қана қоймай, оның нарығының экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, экологиялық таза өнім өндірісін дамыту және аграрлық сектордың тұрақты дамуы үшін құқықтық және экономикалық негіз жасайды» [12].

2005 ж. 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңында субсидиялау ұғымының заңи анықтамасы берілген: «субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру» [13].

Біз бұл анықтамадан тұжырымдайтынымыз: субсидия – агроөнеркәсіптік кешендегі ауылшаруашылық өнім өндірушілерін экономикалық ынталандыру мен мемлекеттік қолдаудың негізгі қаржылық және құқықтық құралы.

Жоғарыдағы заң нормаларын сараптай келе, агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың құқықтық табиғатын сипатын анықтайтын басты белгілерге мыналарды жатқызуымызға болады:

1. Субсидиялау бюджет қаражаты есебінен іске асырылуы: субсидиялар республикалық бюджеттен қаржыландырылады және ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау нысаны болып табылады.

2. Субсидиялар – бұл өтеусіз және қайтарылмайтын қаражат: субсидия алушы мемлекетке бөлінген қаражатты қайтармайды және оны төлемейді.

3. Мақсатты сипаты: белгілі бір салаларда және анық мақсатпен, әсіресе органикалық өндірісті дамытуға, экологиялық таза технологияларды енгізуге және агроөнеркәсіптік кешендерді қолдауға қаражат, яғни субсидиялар беру.

4. Құқықтық нысанда жүзеге асырылуы: субсидиялар беру рәсімдері мен шарттары Қазақстан Республикасының аграрлық, бюджет және кәсіпкерлік заңнамасында көзделген.

Сонымен бірге, субсидиялар:

1) мемлекеттік реттеу құралы: субсидиялар арқылы мемлекет ауыл шаруашылығы секторының орнықты дамуына, азық-түлік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаттың іске асырылуына кепілдік береді;

2) экономикалық ынталандыру құралы: субсидиялар – ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін және өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған қаражаттар.

Еуропалық Одақта (ЕО) Ортақ аграрлық саясат (Common Agricultural Policy) бойынша климаттық және экологиялық саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Органикалық егіншілікті қолдау үшін қаржыландыру Ортақ аграрлық саясат ЕО «Жасыл Келісім» бастамасын қолдау үшін аймақтық төлемдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл қолдау 2030 жылға дейін ЕО ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің 25%-ін органикалық егіншілікке арналған ауылшаруашылық жерлеріне айналдыру. «Жасыл Келісім» негізінен экологиялық таза технологияларға, жаңа инновацияларға және «жасыл» инфрақұрылымға инвестиция салуды мақсат етеді [14].

Органикалық ауыл шаруашылығын негізінен Еуропалық ауыл шаруашылығына кепілдік беру қоры (European Agricultural Guarantee Fund) және Еуропалық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (European Agricultural Fund for Rural Development) қаржыландырады. Мемлекет тарапынан қаржы алу үшін ЕО заңнамасында белгіленген ең төменгі талаптар орындалуы керек. Органикалық өнім өндірушілер жыл сайын мемлекеттік қолдауға жүгінуі үшін ауылшаруашылық жерлерін декларацияланған болуы тиіс. Одан бөлек экологиялық талаптарды міндетті түрде сақтау талап етіледі. Фермерлер топырақтың құнарлылығын сақтау, тыңайтқыштарды шектеу

және биоәртүрлілікті қорғау сияқты экологиялық талаптарды орындауы шарт. Осы шарттарды сақтау – субсидия алуға қойылатын алғышарттардың бірі. Субсидия алуға қолайлы жер көлемі 0,3-тен 5 гектарға дейін болуы шарт, назар аударарлық бір ерекшелік фермерлерді қолдау 100–500 еуродан кем емес сомада төленеді. Қаржылық қолдаудың мақсаты – фермерлердің кірістерін тұрақтандыру, органикалық өндірісті дамыту, экологиялық таза технологияларды енгізу және ауылдардың дамуын қолдау. Сандық көрсеткіштер 2014–2022 жж. аралығында органикалық өндіріске 12,06 млрд евро қаржылай көмек бөлінгенін растайды [15].

ЕО-да органикалық өндірісті бақылау жүйесі бойынша жауапкершілік құзыретті органдарға жүктеледі. Сонымен қатар, бақылау функциялары мемлекеттік немесе жеке бақылау органдарына берілуі мүмкін. Одаққа мүше елдер жыл сайын Еуропалық Комиссияға органикалық кәсіпкерлердің пікірлерінің нәтижелері және заң талаптары орындалмаған жағдайлар бойынша қабылданған шаралар туралы есеп береді. Сонымен қатар, органикалық егіншілікті бақылауда бірыңғай ақпараттық жүйе Органикалық ауылшаруашылық ақпараттық жүйесі (OFIS) (https://ec.europa.eu/agriculture/ofis_public) қолданылады. Аталған цифрландырылған деректер базасында органикалық өнім өндіруші компаниялар, бақылау агенттіктері және құрамы органикалық деп бекітілген ингредиенттер туралы ақпарат қамтылған.

Америка Құрама Штаттарындағы (АҚШ) ерекшелік органикалық өнім өндірісінің экологиялық тұрақтылыққа, табиғи ресурстарды қорғауға, жануарлардың әл-ауқатына және биоәртүрлілікке ықпалы ескеріліп, мемлекет жылына органикалық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру жобасына 3 млн долларға дейін субсидия бөледі. Жергілікті органикалық өнімдер нарығын нығайту және органикалық сертификаттаудан өткен фермерлерді қолдау мәселесімен АҚШ-тың Ауыл шаруашылығы Министрлігі (USDA) айналысады. Тіпті арнайы Америка құрама штаттарының Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Органикалық нарықты дамытуға арналған гранттық бағдарламасы (OMDG) және Ауылшаруашылық маркетингтік қызметтері (AMS) – органикалық қайта өңдеу инфрақұрылымына инвестиция салуға жыл сайын 75 млн долларға дейін гранттар бөледі. Органикалық өнімдер нарығын дамытуға арналған гранттық бағдарлама елдегі органикалық ауылшаруашылық өнімдерінің қолжетімділігі мен сұранысын арттыруға бағытталса, Ауылшаруашылық маркетингтік қызметтері органикалық дәнді дақылдар мен мал азығы, органикалық сүт өнімдері, органикалық талшықтар, органикалық бұршақ дақылдар өндірісін дамыту және басқа да жобаларға басымдық береді [16].

АҚШ-та органикалық өндірісті бақылау National Organic Program (NOP) және Органикалық сертификаттау шығындарын бөлу бағдарламасы (OCCSP) шеңберінде жүзеге асырылады. Мемлекет органикалық сертификаттау төлемдерінің 75%-ына дейін өтейді. Алайда, әрбір сертификатталған аумақ үшін өтемақы мөлшері 750 АҚШ долларынан аспауы керек. Мемлекеттік қолдау бақылау жүйесі аккредиттелген сертификаттау органдары мен арнайы ақпараттық деректер базасы (<https://organic.ams.usda.gov/integrity>) арқылы жүргізіледі. Цифрлық деректер базасында сертификатталған органикалық фермаларды, компанияларды немесе белгілі бір сипаттамалары бар операторларды арнайы дерекқордан іздеуге болады. Бұл тізімдер АҚШ Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен аккредиттелген сертификаттау органдары ұсынған мәліметтер негізінде жасалады. Сертификаттау органдары органикалық стандарттардың сақталуын тексеріп, өндірушілерге сәйкестік сертификаттарын береді. Сонымен қатар, органикалық операторлар туралы мәліметтерге цифрлық мониторинг жүргізіледі.

С.К. Сейітовтың пікірінше, ауыл шаруашылығын субсидиялау жүйесі инновациялық және экологиялық таза технологияларды енгізетін өндірушілерге қаржылай көмек көрсету арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуды ынталандыруға бағытталуы керек. Өндіріс факторларын пайдалануда тиімділігі жоғары, дақылдардың өнімділігі мен мал шаруашылығының өнімділігі жоғары шаруашылықтарға ерекше назар аударылады. Автор мемлекеттік субсидиялау саясаты ұзақ мерзімді сипатта және тұрақты ауылшаруашылық өндірісінің табиғи ресурстардың әлеуетін, атап айтқанда топырақтың сапасын сақтау қажеттілігін ескеруі керек деп атап көрсетеді [17, 159 б.].

Қазақстандағы органикалық егіншілікті қолдау жөніндегі бастамалардың нәтижесінде органикалық ауылшаруашылық өнім өсірушілерін сертификаттау үшін төлемдерді ішінара төлейтін субсидиялау заңнамамен қарастырылды. Заңнамада көрсетілгендей, органикалық ауыл шаруашылығы саласында субсидиялау тек органикалық өнімді растауға арналған сертификат

болған жағдайда ғана тағайындалады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне органикалық өнім өндірудің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту құзіреті берілген. Жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) және жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) агро-өнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыретіне органикалық өнім өндірудің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялау жүктелген. Субсидиялауды қаржыландыру облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, тиісті сома жергілікті мәслихаттардың шешімімен бекітіледі. 2023 жылдан бастап субсидиялауға бөлінген қаражат трансферттік аударымға енгізіліп, республикалық бюджеті бар аудандарға аударылатын болады.

2024 ж. 6 қарашадағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Органикалық өнім өндірудің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 372 бұйрығы негізінде, белгілі бір талаптар сақталған жағдайда ғана органикалық өнім өндірушілерге субсидиялар төленеді. Жергілікті бюджеттер сәйкестік сертификатын алуға байланысты шығындардың жартысын ғана жабады, берілген әрбір сертификат үшін әр қаржы жылында ең көбі 400 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін өтеледі [18]. Атап айтқанда, өндірушілер қаржыландыруға мемлекеттік ақпараттық қаржыландыру жүйесі (СМАЖ) арқылы электрондық нысанда өтінім беруге және оларды электрондық цифрлық қолтаңбамен растауға міндетті. Сонымен қатар, өтініш берушілер СМАЖ жүйесінде жеке кабинетті тіркеуі керек. Субсидия алу үшін органикалық өнім өндірушілер органикалық сәйкестік сертификатын ұсынады. Бұл сертификат өтініш берілген күнге дейін соңғы 12 ай ішінде берілуі шарт. Сонымен қатар, өнім өндірушілер ауылшаруашылық жерлеріне немесе жерді пайдалану құқығына ие болуы керек. Аталмыш деректер мемлекеттік кадастрлық ақпараттық жүйе арқылы тексеріледі. Қаржыландыруға өтінімдер жыл сайын 1 ақпаннан 1 желтоқсанға дейін елдің орналасқан жері бойынша қабылданады. Аталған электрондық қызмет электронды үкімет мемлекеттік порталының сыртқы шлюзінде ([www://gosagro.kz/](http://www.gosagro.kz/)) қолжетімді. Бұл ақпараттық жүйеде ауылшаруашылық саласындағы өзге субсидиялау түрлері бойынша нақты статистикалық деректер, оның ішінде өтінімдер саны көрсетілген, ал органикалық өнім өндірушілерге берілген субсидия туралы сандық мәлімет көрсетілмеген. Сонымен бірге ақпараттық жүйеде техникалық ақаулардың көптеп кездесуінен бөлек жүйеге жалған деректердің енгізіп, субсидия қаражаттарын заңсыз иелену фактілерінің орын алуына байланысты басқа фермерлер «күту парақтарына» орналастырылып, уақытылы субсидияны ала алмау мәселелері жиі кездеседі.

Осыған байланысты зерттеуші Гаитов А.А., ашықтық пен бәсекелестіктің жеткіліксіздігіне байланысты субсидияларды, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлерді бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық қаупі бар екенін атап өтіп, оларды қысқарту үшін сатып алулар мен тендерлерге арналған электрондық платформаларды енгізу, цифрлық мониторинг жүйелерін (мысалы, субсидияларды бақылау жүйелері) пайдалану және мемлекеттік порталдар арқылы субсидиялау рәсімдерінің ашықтығын арттыруды ұсынады [19, 123 б.].

Қазақстанда органикалық өнім өндірушілер реестрін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 ж. 7 ақпандағы бұйрығымен реттеледі [20]. Сәйкестікті растау сертификатын алған ұйымдар электрондық үкімет ресми интернет-ресурсында орналастырылады. 2026 ж. наурыз айында (www.gov.kz/memleket/entities/moa) 13 ұйым ғана тізімі берілген. Біздің тұжырымдауымызша, Қазақстан үшін органикалық өнім өндірісі жаңа бағыт болғандықтан, цифрлық реестр экожүйесін құру қажеттілігі туындап отыр, ол жүйеде органикалық өнімнің экспорт-импорт операцияларын бақылау, сертификаттау органдарымен интеграцияланған платформа болуы, жалған сертификаттарды анықтау мүмкіндігі, өнімнің егістіктен тұтынушы үстеліне жеткенге дейінгі қозғалысын қадағалау, QR код арқылы өнімнің органикалық өнімге жататынын анықтау модулін қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу нәтижелерін сараптасак, әлемде органикалық өнім тұтынуға бет бұру тенденциясына сәйкес органикалық өнім өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік тетігі жолға қойылған. ЕО органикалық өнім өндіру мақсатындағы жер көлемін арттыру мақсатын алға қойып отыр. АҚШ-та органикалық өнімге деген сұранысты қанағаттандыру үшін

сертификаттау шығындарының 75 пайызын мемлекеттік субсидиялау жабады, бұл көрсеткіш Қазақстанда тек 50 пайызды ғана құрап отыр. Біздің ойымызша, азаматтардың органикалық өнімге қолжетімділік құқығын жүзеге асыру үшін органикалық өнім өндірушілер санын көбейту керек. Экологиялық, таза, органикалық өнім өндірісін қолдау мақсатында елімізде фермерлердің шығынын толығымен өтеу тетігін енгізу ұтымды шешім деп санаймыз.

Қорытынды

Органикалық өнім өндіру саласындағы субсидиялау мәселелерін тереңірек зерттей келе мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасауды ұйғардық:

Субсидиялауға арналған мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету өте маңызды. Субсидиялау бойынша мемлекет қарыздарының жиналуын азайту және уақтылы төлемдерді төлеу мақсатында субсидияларды қаржыландыруды жоспарлаудың және заңнамалық деңгейде агроөнеркәсіптік кешенге арналған кепілдендірілген қаржыландыру көлемін анықтаудың құқықтық тетігін жетілдіріп, ұзақ мерзімдік мемлекеттік бағдарлама қабылдауды ұсынамыз. Кешіктірілген субсидиялық төлемдерге байланысты фермерлердің шығынын өтеуде айырылған пайдасы мен нақты шығыны өтелуі тиіс.

Әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында субсидиялау қағидасы жүйеленіп, тұрақты құқықтық база құрылуы керек. Қазіргі уақытта агроөнеркәсіпке субсидия тағайындау ережелеріндегі көптеген өзгерістер құқықтық тұрақсыздықты тудыруда. Сондықтан агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауды реттейтін бірыңғай нормативтік-құқықтық актіні бізге дейін көптеген ғалымдар (Л.К. Еркінбаева, Э.С. Куандыкова және т.б.) ұсынған Аграрлық уәдекті қабылдайтын уақыт келді. Аграрлық кодекстің арнайы тарауы органикалық өнім мәселелеріне арналуы керек.

♦ Цифрландыру контекстінде сыбайлас жемқорлық қаупін азайту үшін цифрлық бақылау құралдарын тәжірибеге кеңінен енгізуді ұсынамыз. Субсидияларды тағайындау, өтінімдерді өңдеу, қаражат аудару үрдістері толығымен цифрландырылып, барлық ақпарат ашық электронды платформада жариялануы керек. Gosagro.kz ақпараттық жүйесін техникалық тұрғыдан жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, төлем шот-фактураларын, автоматты тексеру қосымшаларын, автоматты аударым төлемдерін жүктеу функциялары толық және үздіксіз жұмыс істеуі керек. Сонымен қатар, жүйені мемлекеттік деректер базасымен интеграциялау бенефициарлар туралы ақпараттың түпнұсқалығын уақтылы тексеруге мүмкіндік береді.

♦ ЕО, АҚШ тәжірибесіне сүйене отырып, органикалық ауыл шаруашылығын бақылау мен қадағалауға арналған жеке цифрлық реестр құру қажет. Әрбір ел азаматының органикалық өнімге қолжетімділігі, тұтынатын өнімнің құрамы, пестицидтерден, зиянды организмдерден, зиянкестерден тазалығы және т.б. критерийлер бойынша өнім туралы ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында ашық дереккөзден кез келген өнім өндіруші туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

♦ Аудит пен бақылау тетіктері жетілдіруді қажет етеді. Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне субсидиялар цифрлық теңгелер арқылы берілуі қажет. Цифрлық теңге және блокчейн жүйесімен субсидиялардың пайдаланылуын үнемі қадағалап отыру арқылы есеп беру шараларын күшейтуге болады.

♦ Фермерлерге субсидия алу жөніндегі мәселелер туындаған сәтте экономист, заңгер, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандардың көмегі мен кеңес беру жүйесі цифрландыруы қажет. Белгіленген уақыттарда арнайы ақпараттық жүйе арқылы видеобайланыспен көмек тегін түрде көрсетілуі тиіс. Аталмыш мемлекеттік қолдау құралдарына қолжетімділікті және қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (ЖТН АР26103315 «Қазақстан Республикасындағы органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен айналымын құқықтық реттеу мәселелері»).

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Worldometers: статистика населения Земли. URL: <https://www.worldometers.info/ru> (дата обращения: 20.02.2026)
- 2 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 3 Господдержка АПК-2025: как распределили 534,5 млрд тенге субсидий и что изменилось в правилах. URL: <https://centralmedia24.kz/gospodderzhka-apk-2025-kak-raspredelili-5345-mlrd-tenge-subsidij-i-cto-izmenilos-v-pravilah/> (дата обращения: 21.02.2026)
- 4 Субсидирование расходов на подтверждение органической продукции. URL: <https://biznescentr.kz/novosti/7276-pravila-subsidirovaniya-rasxodov-na-podtverzhdenie-sootvetstviya-organicheskoy-produktsii-s-2025-goda.html> (дата обращения: 21.02.2026)
- 5 Сотни миллиардов тенге субсидий задолжало государство фермерам. URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6505271-sotni-milliardov-tenge-subsidij-zadolzhalo-gosudarstvo-fermeram.html> (дата обращения: 23.02.2026)
- 6 Задолженность по субсидиям перед фермерами Казахстана. URL: https://www.kt.kz/rus/finansy/zadolzhennost_po_subsidiyam_pered_fermerami_kazahstana_1377983569.html (дата обращения: 24.02.2026)
- 7 Госаудит выявил неэффективное использование 142 млрд тенге в сельхозсфере. URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6459536-gosaudit-vyyavil-neeffektivnoe-ispolzovanie-142-mlrd-tenge-v-selkhozsfere.html> (дата обращения: 24.02.2026)
- 8 Система субсидирования Gosagro.kz требует доработки – акмолинские фермеры. URL: <https://www.inform.kz/ru/sistema-subsidirovaniya-gosagrokz-trebuat-dorabotki-akmolinskie-fermeri-f4edd2> (дата обращения: 24.02.2026)
- 9 Субсидия // Википедия: свободная энциклопедия. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Субсидия> (дата обращения: 24.02.2026)
- 10 Oxford English Dictionary. URL: <https://www.oed.com/search/dictionary/?scope=Entries&q=Subsidy> (accessed: 25.02.2026)
- 11 Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000171> (өтініш берілген күн: 24.02.2026)
- 12 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (өтініш берілген күн: 24.02.2026)
- 13 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066> (өтініш берілген күн: 24.02.2026)
- 14 European Green Deal // European Commission. URL: https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal_en (accessed: 24.02.2026)
- 15 Organic Action Plan // European Commission. URL: https://agriculture.ec.europa.eu/farming/organic-farming/organic-action-plan_en (accessed: 24.02.2026)
- 16 Organic agricultural products in the United States: subsidies. URL: <https://www.opportimes.com/en/organic-agricultural-products-in-the-united-states-subsidies> (accessed: 24.02.2026)
- 17 Сеитов С.К. Распределение субсидий среди субъектов агропромышленного комплекса Казахстана // Аграрная наука Евро-Северо-Востока. – 2023. – № 24(1). – С. 152–161.
- 18 Органикалық өнім өндірудің сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 6 қарашадағы № 372 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035345> (өтініш берілген күн: 25.02.2026)
- 19 Гаитов А.А., Умурзаков Е.А., Жумаева М.С. Влияние экономической преступности на устойчивое развитие агропромышленного комплекса Казахстана // Eurasian Scientific Journal of Law. 2026. – № 1(14). – С.118–127.
- 20 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 7 ақпандағы бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035718> (өтініш берілген күн: 25.02.2026)

REFERENCES

- 1 Worldometers: statistika naselenija Zemli. URL: <https://www.worldometers.info/ru> (data obrashheniya: 20.02.2026) (In Russian)
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ agroönerkäsiptik keşenin damytudyñ 2021–2030 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ūkimetiniñ 2021 jylğy 30 jeltoqsandağy No. 960 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (ötiniş berilgen kün: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 3 Gospodderzhka APK-2025: kak raspredelili 534,5 mlrd tenge subsidij i chto izmenilos' v pravilah. URL: <https://centralmedia24.kz/gospodderzhka-apk-2025-kak-raspredelili-5345-mlrd-tenge-subsidiy-i-cto-izmenilos-v-pravilah/> (data obrashheniya: 21.02.2026) (In Russian)
- 4 Subsidirovaniye rashodov na podtverzheniye organicheskoy produkcii. URL: <https://biznescentr.kz/novosti/7276-pravila-subsidirovaniya-rashodov-na-podtverzheniye-sootvetstviya-organicheskoy-produktsii-s-2025-goda.html> (data obrashheniya: 21.02.2026) (In Russian)
- 5 Sotni milliardov tenge subsidij zadolzhalo gosudarstvo fermeram. URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6505271-sotni-milliardov-tenge-subsidiy-zadolzhalo-gosudarstvo-fermeram.html> (data obrashheniya: 23. 02.2026) (In Russian)
- 6 Zadolzhenost' po subsidiyam pered fermerami Kazahstana. URL: https://www.kt.kz/rus/finansy/zadolzhenost_po_subsidiyam_pered_fermerami_kazahstana_1377983569.html (data obrashheniya: 24.02.2026) (In Russian)
- 7 Gosaudit vyjavil neeffektivnoe ispol'zovanie 142 mlrd tenge v sel'hozsphere. URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6459536-gosaudit-vyyavil-neeftivnoe-ispolzovanie-142-mlrd-tenge-v-selkhozsphere.html> (data obrashheniya: 24.02.2026) (In Russian)
- 8 Sistema subsidirovaniya Gosagro.kz trebuet dorabotki – akmolinskie fermery. URL: <https://www.inform.kz/ru/sistema-subsidirovaniya-gosagrokz-trebuet-dorabotki-akmolinskie-fermeri-f4edd2> (data obrashheniya: 24.02.2026) (In Russian)
- 9 Subsidija // Vikipediya: svobodnaya jenciklopediya. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Subsidija> (data obrashheniya: 24.02.2026) (In Russian)
- 10 Oxford English Dictionary. URL: <https://www.oed.com/search/dictionary/?scope=Entries&q=Subsidy> (accessed: 25.02.2026) (In English)
- 11 Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylğy 15 nauryздаğy No. 171-VIII Qazaqstan Respublikasynyñ Būdjet kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000171> (ötiniş berilgen kün: 24.02.2026) (In Kazakh)
- 12 Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylğy 29 qazandağy No. 375-V Käsipkerlik kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (ötiniş berilgen kün: 24.02.2026) (In Kazakh)
- 13 Agroönerkäsiptik keşendi jāne auyldyq aumaqtardy damytudy memlekettik retteu turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2005 jylğy 8 şildedegi No. 66-III Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066> (ötiniş berilgen kün: 24.02.2026) (In Kazakh)
- 14 European Green Deal // European Commission. URL: https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal_en (accessed: 24.02.2026) (In English)
- 15 Organic Action Plan // European Commission. URL: https://agriculture.ec.europa.eu/farming/organic-farming/organic-action-plan_en (accessed: 24.02.2026) (In English)
- 16 Organic agricultural products in the United States: subsidies. URL: <https://www.opportimes.com/en/organic-agricultural-products-in-the-united-states-subsidies> (accessed: 24.02.2026) (In English)
- 17 Seitov S.K. (2023) Raspredeleniye subsidij sredi sub#ektov agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana // Agrarnaya nauka Evro-Severo-Vostoka. No. 24(1). P. 152–161. (In Russian)
- 18 Organikalyq önım öndirudiñ säikestigin rastau kezinde jūmsalğan şygystardyñ bır bōlıgın subsidialau qağidalaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Auyıl şaruasılyğy ministriniñ 2024 jylğy 6 qaraşadağy No. 372 būiryğy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035345> (ötiniş berilgen kün: 25.02.2026) (In Kazakh)
- 19 Gaitov A.A., Umurzakov E.A., Zhumaeva M.S. (2026) Vlijanie jekonomicheskoy prestupnosti na ustojchivoe razvitie agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana // Eurasian Scientific Journal of Law. No. 1(14). P. 118–127. (In Russian)
- 20 Qazaqstan Respublikasy Auyıl şaruasılyğy ministriniñ 2025 jylğy 7 aqpandağy būiryğy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035718> (ötiniş berilgen kün: 25.02.2026) (In Kazakh)

РАШЕВА Г.К.,*¹

PhD, доцент.

*e-mail: gulnur1989@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2587-1035

КУАНАЛИЕВА Г.А.,¹

д.ю.н., профессор.

e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4634-8363

УМБЕТБАЕВА Ж.Б.,¹

PhD, доцент.

e-mail: umbetbaevazhuldyz@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-0291-7405

¹Казахский национальный
университет им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СУБСИДИРОВАНИЯ ОРГАНИЧЕСКОГО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы правового регулирования субсидирования органического сельского хозяйства. Рост спроса на экологически чистую продукцию, угрозы для растениеводства, вызванные глобальным изменением климата, необходимость обеспечения экологической безопасности, а также сохранения жизни и здоровья человека придают новый импульс развитию органического сельского хозяйства. В связи с тем что производство органической продукции является новым и развивающимся направлением, особую актуальность приобретает исследование правовых вопросов государственного регулирования и субсидирования данной сферы. В условиях цифровизации важное значение приобретает использование современных информационных технологий для обеспечения прозрачности и доступности системы субсидирования, в том числе в процессах сертификации продукции, мониторинга и контроля качества. В исследовании были изучены национальное законодательство и законодательство зарубежных государств в сфере производства органической сельскохозяйственной продукции. Исследован опыт США и Европейского союза в сфере субсидирования, а также выработаны предложения по применению лучших зарубежных практик в отечественном производстве. Авторами предлагается создание отдельного цифрового реестра, предназначенного для контроля и надзора за производством и оборотом органической сельскохозяйственной продукции.

Ключевые слова: органическое сельское хозяйство, органическое земледелие, органическая продукция, субсидирование, сельское хозяйство, аграрное право, агропромышленный комплекс.

RASHEVA G.K.,*¹

PhD, associate professor.

*e-mail: gulnur1989@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2587-1035

KUANALIYEVA G.A.,¹

d.l.s., professor.

e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-4634-8363

UMBETBAYEVA Zh.B.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: umbetbaevazhuldyz@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-0291-7405

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

ISSUES IN THE LEGAL REGULATION OF THE SUBSIDIZATION OF ORGANIC AGRICULTURE

Abstract

This article analyzes the legal issues arising in the regulation of the subsidization of organic agriculture. The growing demand for environmentally friendly products, threats to crop production caused by global climate change,

and the need to ensure environmental safety as well as protect human life and health are giving new impetus to the development of organic agriculture. Since the production of organic products is a relatively new and developing area, the study of legal issues related to state regulation and subsidization of this sector is of particular relevance. In the context of digitalization, the use of modern information technologies is becoming increasingly important for ensuring the transparency and accessibility of the subsidy system, including in the processes of product certification, monitoring, and quality control. The study examined national legislation and the legislation of foreign countries in the field of organic agricultural production. The experience of the United States, the European Union in the field of subsidization was analyzed, and recommendations were developed for the application of best foreign practices in domestic production. The authors propose the creation of a separate digital register intended for the control and supervision of the production and circulation of organic agricultural products.

Keywords: organic agriculture, organic farming, organic products, subsidization, agriculture, agricultural law, agro-industrial complex.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.04.2026